УДК 332 (575)
ББК 65.9 (2К)
Қ 18

**Редакция алқасы**

**Абдибеков У.С.** – *техника ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті (төраға)*

**Йылдыз М.** – *доктор, профессор (төраға орынбасары)*
**Ахметов Б.Б.** – *техника ғылымдарының кандидаты*
**Раймбердиев Т.П.** – *техника ғылымдарының докторы, профессор,*
**Мырзалиев Б.С.** – *экономика ғылымдарының докторы, профессор,*

**Қ 18 «ҚАЗАҚСТАН-2050»: ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӨҢІРЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.**
**І том.** *-Түркістан: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2013. -404 бет.*

**ISBN 978-9965-03-268-4**

Жинаққа экономика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Экономикалық Евразия Академиясының және Ресей Жаратылыстану Академиясының академигі С.С. Ыдырыстың 60 жасқа толу мерейтойына арналған **«Қазақстан-2050»: Индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың өңірлік мүмкіндіктері»** тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның маңызды да мазмұнды мақалалары енгізіліп отыр.

Конференция жұмысы барысында баяндамалар келесі бағыттарда талқыланды:
I. Қазақстан – 2050: Өңірлік экономиканың даму стратегиясы.
II. Өңірлерді индустриалды-инновациялық негізде дамыту.
III. Өңірлік экономика жүйесіндегі есеп және аудит саясатын жетілдіру.
IV. Шағын және бір салалы қалаларды дамытудың жолдары мен мәселелері.
V. Қоршаған ортаны қорғау және өндіргіш күштерді орналастыру.
VI. Жергілікті өзін-өзі басқару және өңір экономикасын құқықтық реттеу ресурстары.
VII. Өңірдің әлеуметтік саласының дамуы: білім, денсаулық сақтау, ғылым және мәдениет.
VIII. Өңірдің дамуы және экономикалық-математикалық модельдеу қызметінің тиімділігі.

В данный научный сборник вошли главные и содержательные статьи научно-практической конференции на тему **«Казахстан-2050»: Региональные возможности реализации стратегии индустриально-инновационного развития»,** посвященная 60 летию доктора экономических наук, профессора, академика Международной Экономической Академии Евразии и Российской Академии Естествознания Ыдырыс С.С.

В ходе работы конференции доклады обсуждались по следующим направлениям:
I. Казахстан-2050: Стратегия регионального развития экономики.
II. Индустриально-инновационное развитие регионов.
III. Совершенствование учетной политики и аудита в системе региональной экономики.
IV. Проблемы и пути развития малых и монопрофильных городов.
V. Размещение производительных сил и охрана окружающей среды.
VI. Ресурсы правового регулирования региональной экономики и местное самоуправление.
VII. Региональное развитие социальной сферы: образования, здравохранения, науки и культуры.
VIII. Экономико-математическое моделирование эффективного функционирования и развития региона.

УДК 332 (575)
ББК 65.9 (2К)

**ISBN 978-9965-03-268-4**

© *Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2013*



**ЫДЫРЫС СЕРІКБАЙ САДУАҚАСҰЛЫ**

экономика ғылымдарының докторы, профессор,
Халықаралық Экономикалық Евразия Академиясының
және Ресей Жаратылыстану Академиясының академигі

**М.А.Алшынбекова**
Қазақстан Республикасындағы шетел инвестициялар тартылуының заңнамалық қамтылуы ....266

**M. ÇAKIR**
Geçiş ekonomilerinde marka farkındalığı ve yüksek kalite ilişkisi bağlamında kültürel faktörler ....271

**С.Е. Абдықалық**
Қазақстан Республикасындағы инвестициялық саясатты жетілдіру ....277

**М.У. Стамкулова, К.У. Стамкулова**
Индустриально – инновационного развития Казахстана: реалии и перспективы ....282

**С.К. Ержанова, Б.Б. Аулбаева, А.М. Ержанов**
Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау ....287

**С.Ш. Бокижанова, С.Ш. Мамбетова, Д.Д. Толеубаева**
Специфика инновационных процессов и инновационной стратегии в условиях глобализации ....292

**С.Ш. Мамбетова, А. Толеуов**
Инновациялық үрдістерді жүзеге асырудың заманауи озық тәжірибелері ....300

**Г.Қ. Абдраманова**
Өңірдегі металлургия саласында инвестициялық жобаның тиімділігін арттыру ....308

## III. «ӨҢІРЛІК ЭКОНОМИКА ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУ»

**М.Т. Аймбетова, А.Ө. Есіркепова**
Мұнайды өңдеудегі аймақтық есептің моделі ....312

**З.А. Илимжанова, А.К. Сатанова**
Салық бақылауы салық механизмінің негізгі элементі ретінде ....316

**А.Э. Аргынова, С.М. Жусипова**
Виды контроллинга: стратегический и оперативный ....321

**А. Нуркулова**
Мемлекеттік органдардағы бухгалтерлік есеп пен есептіліктің экономикалық табиғаты ....324



**А.Ф. Валиева, Е.Б. Романько**
Использование методов управления затратами в современной мировой практике ....329

**Г.Б.Усманалиева**
Формирование и учет финансовых результатов деятельности страховой компании ....332

**Н.С. Ерибаева**
Методы формирования отчета о движении денежных средств ....337

**У.К. Сартов, А.У. Абдрахманова**
О применении основных методов анализа финансовой отчетности ....340

**С.М. Жусипова, Р.А. Сатыбалдиев**
Инструменты оперативного контроллинга ....346

## IV. «ШАҒЫН ЖӘНЕ БІР САЛАЛЫ ҚАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ»

**Б.С.Мырзалиев**
Экономические проблемы развития малых городов Южного Казахстана ....349

**Б.А. Жүнісов, С.С.Ыдырыс**
Қала ұғымының теориялық аспектілері және қазіргі проблемалары ....356

**Д.Э.Сарыстанова**
Становление малых городов в системе промышленного комплекса ....364

**Л.Т. Тайжанов**
Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың экономикасын дамыту ....369

**А.Иванов, Т.Б.Казбеков**
Проблемы и пути развития моногородов Карагандинской области ....372

**Г.К. Турысбекова**
Проблемы развития диверсификации моногородов ....377

**Ө.Қ. Шеденов, Б.С.Мырзалиев, С.М.Мұқанов**
Шағын және моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі бағыттары ....382

Ыдырыс Серікбай Сәдуақасұлының өмірі мен ғылыми қызметтерінің негізгі кезеңдері ....389

**Түйіндеме**

Мақалада моноқалалардағы диверсификациялауды жетілдіру негізгі мәселелері толық ашылып, оларды шешудің жолдары қарастырылған.

**Summary**

In the article the main problems of diversification of monocities open up and given to the way of decision of these problems.

# ШАҒЫН ЖӘНЕ МОНОҚАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**Ө.Қ. ШЕДЕНОВ,**
**экономика ғылымдарының докторы, профессор,**
**ХАА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,**
**Б.С. МЫРЗАЛИЕВ**
**экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА академигі**
**С.М.МҰҚАНОВ, аға оқытушы**
**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев Қазақстанның халқына өзінің 2012 жылғы Жолдауында бір салалы шағын қалаларды дамыту туралы мәселеге айрықша назар аударды, мұндай қалалар әлеуметтік қауіп-қатерге шалдығу ықтималдығы жоғары болатындығын атап өтті [1].

Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде елімізде тек қана бір саланың өнімін өндіру арқылы табыс тауып, күнін күнелтіп отырған бірқатар шағын және моноқалалар бар. Бұлардың қатарында кезінде облыс орталығы болғандары да кездеседі. Мәселен, олардың қатарында Жезқазған, Арқалық секілді қалалар да бар. Қайсыбір қала тұрғындары теміржол бойынан пайда көрсе, енді бірі өндіріс-өнеркәсіптен табыс көрген. Мұның барлығынан шығатын қорытынды біреу-ақ: бір саладан ғана кіріс көріп отырған шағын қалалардың болашағы әлі де толық зерттеліп бітпеген. Сондықтан, ең әуелі, бір кәсіпорынға тәуелді болған моноқалалардың экономикасын әртараптандыру қажет. Қазақстанда 100-ге таяу шағын қала бар. Солардың ішінен әкімшілік жүйедегі зерттеулердің нәтижесінде шамамен 1,5 млн адам тұратын 27 бір салалы моноқалалар анықталып, арнайы бағдарламаға енгізілген [2].

Бірден айта кету керек, жоғарыда аты аталған қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бәсең. Айталық, ауыз-су, жарық, жылу, газбен қамтамасыз ету, кәріз және телекоммуникация инфрақұрылымдарының жағдайы төмен, көбісі ескірген, тозған, кейбірі істен шыққан. Ал қала құраушы кәсіпорындарында жұмыс қарқыны баяу. Ең өзекті мәселе - жұмыссыздықтың белең алуы. Осы тақылеттес мәселелерден біржола арылу үшін бағдарламаның алғашқы кезеңін іске қосу арқылы нақты нәтижеге жету көзделген. Қазіргі кезде шағын қалалардағы әлеуметтік маңызы бар нысандар жөнделіп, бірқатар іс тындырылған.



Ал енді бағдарламаны тұтастай алып қарастырсақ, оны жүзеге асыру екі кезеңге бөлінген. Бастапқы кезең - 2013-2015 жылдарды, екінші кезең 2020 жылға дейінгі сенімді даму кезеңін қамтиды. Бүгінде жергілікті әкімдік пен облыстық мәслихаттың бекітуімен 2013-2015 жылдарға арналған шағын қалаларды дамытудың кешенді жоспарларыы әзірленуде. Басты назарға ілінетін мәселе - экономиканы әртараптандыру. Бірте-бірте шикізаттық бағыттан арылу, бұл үшін қосалқы өндіріс ошақтарын ашу керек. Демек, әр қаланың атқарушы билік өкілдеріне кем дегенде бір зәкірлі жоба дайындап ұсыну міндеттелген.

**Қазақстандағы шағын және моноқалалардың негізгі қордаланған мәселелерін мынадай үш топқа біріктіруге болады:**

1. Экономикалық мәселелер:

-негізгі қала құраушы кәсіпорындардың жұмысының тоқтауы немесе оған қауіп төнуі (өндіруші кәсіпорындардың кен орындарының тозуы, бәсекеге қабілетсіз өнім);

-қала экономикасының төмен деңгейде әртараптануы;

-қала тұрғындарының қала құраушы кәсіпорындардан жоғары деңгейдегі тәуелділігі;

-қала бюджетінің қала құраушы негізгі кәсіпорыннан түсетін салықтардан тәуелді болуы.

2. Әлеуметтік мәселелер:

-жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің жоғары болуы;

-көптеген моноқалалардағы халықтың табыс деңгейінің төмен болуы;

-халық санының азаюы;

-әлеуметтік тұрақсыздықтардың өсуі.

3. Өмірлік маңызы бар инфрақұрылымдар мәселелері:

-инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың тозуы;

-моноқалалардың аумағындағы экологиялық мәселелердің ушығуы.

Бір айта кетерлігі, моноқалалардың көпшілігінде жылу және су жүйелері, электр, байланыс желілерінің тозығы жеткен.

Бұл мәселелердің барлығы әр аймақтағы шағын және моноқалаларды өз ерекшеліктері бойынша дамыту арқылы шешілуі тиіс. Көріп отырғанымыздай, моноқалалардан халықтың ірі қалаларға қарай көшуі тұрақты жұмыс орнының жоқтығынан, осыған байланысты әлеуметтік жағдайдың өршуінен болып отыр. Тіпті, тұрақты жұмыс жасап тұрған кәсіпорындары бар қалалардың өзінде де халықтың басқа жаққа қоныс аудару тенденциясы байқалады. Бұл, өз кезегінде, осы қалалардағы экологиялық жағдайдың төмендігі мен жұмыс орындарының тозығы жетіп, бүгінгі күн талаптарына сай келмеуімен, сондай-ақ, аймақтарда жалақының төмендігі мен уақытында төленбеуі мәселелерімен де түсіндіруге болады.

Экономикалық және демографиялық талдаулардың қорытындысы бойынша моноқалалар **үш бағыт бойынша** топтастырылған. **Біріншісі** - қала халқының басым денін жұмыспен қамтып отырған кәсіпорындардың ағымдағы жағдайы бойынша. 19 моноқалада мұндай кәсіпорындар тұрақты жұмыс істеп тұр, бесеуінде - жартылай болса, үшеуінде - жұмыстар тоқтаған.